

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық
Палата отырысының Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің
жобасын талқылау қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫМДАРЫ**

2023 жылғы 10 қарашада VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық Палатаның отырысы өтті.

Қоғамдық Палата мүшелері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі жобасының негізгі ережелерін талқылады.

Қоғамдық Палата мүшелері атап өткендей, жоба ең алдымен бюджетаралық қатынастарды, әсіресе жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мен кеңейту тұрғысынан ретке келтіруді талап ететіндігімен маңызды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мынадай **ҰСЫНЫМДАР БЕРУДІ** орынды деп есептейді:

Қаржы және бюджет комитеті (бас комитет) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп:

- орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында интеграциялануы қажет бюджет процестерін басқару мен жоспарлаудың ақпараттық жүйелерін құру кезінде цифрландыру мәселелерін пысықтасын;

- бюджет процесін цифрландырудың біртұтас архитектурасын (*бюджетті жоспарлау, қарау және қабылдау, бюджеттің атқарылуы мен есебі*) құра отырып, бюджетті атқару, ол бойынша есепті жоспарлау барысында қажетті деректердің өңделуін автоматтандыруды ретке келтірсін;

- бюджеттерді жоспарлау кезінде шамадан тыс орталықтандыруды жойсын (*мысалы, бюджет процесінде жалғыз құжат Өңірді дамыту жоспары болып табылады, барлық шығыстар сол арқылы өтеді*);

- Бюджет кодексінің жобасында бюджеттің барлық негізгі нысандарын халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (операциялық, инвестициялық, сатып алу бюджеті, баланстық) бойынша бекітуді көздесін;

- бюджетті «болжаммен» түзетуді болғызбай, оны болжау мен жоспарлау мәселелерін нақты көрсетіп жазсын (*бюджет болжамды ескеруі керек, бірақ ол кейіннен болжамның өзгерісін ғана түзетпеуі тиіс*);


- қаржылық жоспарлау нысандарын қаржылық есептілік нысандарына сәйкес келтірсін;

- қаржылық есептілік бюджеттік есептіліктің жалғыз түрі болуға тиіс деп қарастырсын;

- орталықтан жоспарлауда бюджет процесін басқа деңгейлердегі жоспарлар ескерілетіндей етіп орталықсыздандырсын;

- күтпеген инфляцияны болғызбау үшін мемлекеттің барлық төлемдерін мемлекеттік бюджет (оның ішінде ірі инвестициялар) жоспарлауы тиіс екені туралы ережені заңнамалық деңгейде бекітсін.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің жанындағы
Қоғамдық Палатаның төрағасы**



А. САРЫМ